

Келес аудандық білімбөлімі
ЖШС «Нұр бөбек -2016» бөбекжай балабақшасында өткізілген өндірістік
кеңесінің

№1 Хаттамасы

Қатысқан -25
Қатыспаған -

05- қыркүйек
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқау беру.
3. Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі

Сөз алғандар:

Меңгеруші: Х:Сапар

Әдіскер: Г.Хужанкулова
кәсіподақ комитетінің төрайымы: Д.Кужалиева

Тыңдалды: Бірініші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Х:Сапар, балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайын толығымен көріп, жаңарту керектігін айтып өтті. Алдағы уақытта балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңартылып, реттелетінін алға тартты.

Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен таныстырды. Ол өз сөзін – «Осы ережелер Қзақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес бекітілді. Ережелердің мақсаты – мектепке дейінгі мекеме ұжымының жұмысын тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібін нығайту» - деп аяқтады.

Екінші мәселе балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен балабақша әдіскері тапыстырды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау бала бақшасының барлық тәрбиешілері және қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып саналады.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

Серуендеу кезінде, іс-әрекет кезінде балалармен қауіпсіздік техникасын сқау, оларды қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету.

Жарақат алудан сақтау үшін барлық стационарлық балалар жабдығы, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғаға бекітілуі тиіс деді.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның кәсіподақ комитетінің төрайымы, кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыстарының қортындысын жасады.

Жылдық жоспарға сәйкес кәсіподақ жұмыстары ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын біліп, бірнеше қызметкерге қаржылай көмек берілді - деп жиналысты қортындылап, қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешімі:

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қанағаттанарлық деп бағаланып, алдағы уақытта толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқаулықтар беріліп, қызметкерлер таныстырылсын.

3. Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:

Х:Сапар

З.Жолтаева

Келес аудандық білім бөлімі
ЖШС «Нұр Бөбек-2016» бөбекжай балабақшасында өткізілген өндірістік
жиналыстың

№ 1 Хаттамасы

Қатысқаны: 19

18-қазан

Қатыспағаны: 62024 жыл

Күн тәртібінде

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістермен таныстыру, ендіру.
3. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы.

Сөз алғандар:

Мейірбике:

Х.Б.Сапар

Меңгеруші:

Х.Б.Сапар

Әдіскер: Г.Кужанкулова

Ересек топ тәрбиешілері:

З.Жолтаева

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Байташова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша: бақшаның әдіскері, күн тәртібінің ұйымдастырылуын айтты. Біздің балабақшамызда жаңа оқу жылына күн тәртібі ұйымдастырылған. Әр топ өз жас ерекшелігіне сәкестендіріліп жасалған. Күн тәртібін тиімді ұйымдастыру бала тәрбиесі тұрғысында өте пайдалы. Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу - баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілетін күшейтеді, денсаулығын жақсартуға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып орындауларыңыз шарт деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Байташова, сөз алды. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарына орай топтардың жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып педагогикалық кадрларға қойылатын талаптармен, олардың біліктілігін арттырып және қайта даярлап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалап қамтамассыз етуіміз керек және нормативтік құжаттарды міндетті түрде орындап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және мектепалды даярлық топтарының педагог кадрлары белгіленген тәртіпте қайта даярлаудан өтеді деді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер – А.Калмурзаева баяндады. Балабақшаға жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу мерзімінде әр бала әр түрлі сипатта өтеді. Қалай болғанда да ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай. Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махабаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер екінші ана әрі орта есеппен 15-20 балаға ортақ. Кез-келген ана мұны жақсы түснеді. Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаның ұнауына көмектесетін қарапайым ережелерді айтып отырдым.

Жалпы балалар арасында «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Нәтижесінде жаңа келген балалардың балабақшаға бейімделуі біздің балабақшаға үйрене алмай қиналған бала болған жоқ. Барлық балалар тез үйреніп, әр бала өз тобына және тәрбиешісіне бауыр басып кетті. Оған балаларға бақшаның ұнағаны және тәрбиешілердің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолданып, жақсы жұмыс жасағандарының нәтижесі. Демек балабақша көркейіп, жақсы жұмыс жүріп жатқандығын көрсетеді, - деп сөзіп аяқтап, жиналыс соңында қаулы қабылданып шешім шығарылды.

Шешімі:

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы әдіскерге жүктелсін.
2. ҚР «Білім туралы Заңнамасы» бапты оқып үйрену барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу жұмыстарын жандандыру әдіскерге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Х.Б.Сапар

Хатшы: А.Б.Зиябекова

Келес аудандық білім бөлімі
ЖШС «Нұр бөбек -2016» бөбекжай балабақшасының педагог
қызметкерлерімен өткізілген
жиналыстың
№1 Хаттамасы

Қатысқаны: 20
Қатыспағаны: 5

31 - Тамыз
2024 жыл

Күн тәртібінде

1 педагогикалық кеңес.

Тақырыбы: «2024-2025 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
 2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
 3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
 5. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
 6. Вариативті компоненттер.
 7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі.
 8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
 9. Топтағы балалардың тізімдері.
- Сөз алғандар: Топ тәрбиешілері

З.Адеева
(б/б медбикесі)

Х.Сапар
(б/б меңгерушісі)

Г.Хужанкулова
(б/б әдіскері)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Х.Сапар, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Педагогикалық кеңес хатшысын, балабақша меңгерушісі ұсынды, педагогикалық ұжым бір ауыздан қолдау танытты. Педагогикалық кеңес хатшысы – балабақша әдіскері – тағайындалды. Жиналыс хатшысының тікелей міндеті таныстырылып өтілді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын

қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады.

2024 жылдың 1- маусым айынан бастап 01- қыркүйегіне дейін балабақша балалары жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бойынша тәрбиеленеді.

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері- , баяндада. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып, өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балабақша меңгерушісі Х.Сапар

, оқып беріп, педагогтар арасында кеңінен талқылады.

Төртінші мәселе, бойынша бақшаның меңгерушісі

Х.Сапар

, 2024-2025 оқу жылындағы жоспармен таныстырып, стандарт талапарына сүйене отырып түзілгенін мәлімдеді. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілді және топ тәрбиешілеріне ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі мен оқу жоспарларын бекітіп берді.

Бесінші мәселе, балабақша қызметкерлерін орнықтыру бойынша меңгеруші Х.Сапар, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты, топтарға жіктеп, қызметкерлерді орнықтырып, бекітті. 2024-2025 оқу жылына топтардың балабақшаның дайындығы жақсы деңгейде. Топтар ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Топтар оқу жылына дайын.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім

1. Педагогикалық кеңес хатшысы – сайласын.
2. Жазғы сауықтыру іс шараларының қорытындысы қанағаттанралық деп табылсын.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен балабақшаның педагогикалық құрамы толық танысрылсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген талаптар мен қағидаттар жұмыс барысында толық сақталып, жұмыс жүргізілсін.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
6. Вариативті компоненттер балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне негізделініп түзілсін.
7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі бекітілсін.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі құрылсын
9. Топтағы балалардың тізімдері бекітілсін

Балабақша меңгерушісі

Х.Сапар

Хатшы: Г.Хужанкулова

Келес аудандық білім бөлімі
ЖШС «Нұр Бөбек-2016» бөбекжай балабақшасында өткізілген өндірістік
жиналыстың

№ 1 Хаттамасы

Қатысқаны: 19

18-қазан

Қатыспағаны: 6

2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістермен таныстыру, ендіру.
3. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы.

Сөз алғандар:

Мейірбике:

Х.Б.Сапар

Меңгеруші:

Х.Б.Сапар

Әдіскер: Г.Кужанкулова

Ересек топ тәрбиешілері:

З.Жолтаева

Тындалды: Балабақша меңгерушісі Г.Байташова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша: бақшаның әдіскері, күн тәртібінің ұйымдастырылуын айтты. Біздің балабақшамызда жаңа оқу жылына күн тәртібі ұйымдастырылған. Әр топ өз жас ерекшелігіне сәкестендіріліп жасалған. Күн тәртібін тиімді ұйымдастыру бала тәрбиесі тұрғысында өте пайдалы. Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу - баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілетін күшейтеді, денсаулығын жақсартуға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып орындауларыңыз шарт деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Х.Сапар, сөз алды. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарына орай топтардың жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып педагогикалық кадрларға қойылатын талаптармен, олардың біліктілігін арттырып және қайта даярлап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалап қамтамасыз етуіміз керек және нормативтік құжаттарды міндетті түрде орындап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және мектепалды даярлық топтарының педагог кадрлары белгіленген тәртіпте қайта даярлаудан өтеді деді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер – Г.Хужанкулова баяндады. Балабақшаға жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу мерзімінде әр бала әр түрлі сипатта өтеді. Қалай болғанда да ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай. Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махабаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер екінші ана әрі орта есеппен 15-20 балаға ортақ. Кез-келген ана мұны жақсы түснеді. Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаның ұнауына көмектесетін қарапайым ережелерді айтып отырдым.

Жалпы балалар арасында «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Нәтижесінде жаңа келген балалардың балабақшаға бейімделуі біздің балабақшаға үйрене алмай қиналған бала болған жоқ. Барлық балалар тез үйреніп, әр бала өз тобына және тәрбиешісіне бауыр басып кетті. Оған балаларға бақшаның ұнағаны және тәрбиешілердің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолданып, жақсы жұмыс жасағандарының нәтижесі. Демек балабақша көркейіп, жақсы жұмыс жүріп жатқандығын көрсетеді, - деп сөзін аяқтап, жиналыс соңында қаулы қабылданып шешім шығарылды.

Шешімі:

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы әдіскерге жүктелсін.
2. ҚР «Білім туралы Заңнамасы» бапты оқып үйрену барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу жұмыстарын жандандыру әдіскерге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Х.Б.Сапар

Хатшы: А.Б.Зиябекова

қараусыз қалдыруға болмайды. Техника қауіпсіздігі жайлы бүлдіршіндерге үйде де ақпарат беріп отырыңыздар» деді.

Төртінші мәселе бойынша «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында балабақша әдіскері, баяндады.

Ата-ана сүйіспеншілігі – адам өмірі жақсы болуының, дене және рухани денсаулығының көзі және кепілі. Сондықтан да ата-аналардың бірінші және негізгі міндеті балаға жұрттың оны жақсы көретінін және оған қамқорлық жасалатынына сенімділік тудыру болып табылады. Ешқашан, ешқандай жағдайда баланың ата-ана махаббатынан күдіктенуіне жол беруге болмайды. Ата-аналар міндеттерінің ең табиғиы, ең қажеттілігі – балаға қай жаста болсын сүйіспеншілік таныту, көңіл бөлу.

Баланың жеке басын және мінез-құлық қасиеттерін теріс бағалаудан үзілді-кесілді бас тарту керек. Өкінішке орай, көпшілік ата-аналар үшін: «Неткен ұқпайтын баласың! Саған неше рет айтуым керек», «Сендей бірбеткей, оңбаған баланы туып нем бар еді!», «Сенің орнында бақа біреу болса, айтқызбай-ақ ұға қояр еді!» тағы да басқа деп сөгу үйреншікті әдетке айналып кетті.

Ата-аналар махаббатының шынайы формуласы – бұл «мен сені жақсы болғаның үшін ғана емес, сенің бар болғаның үшін, қандай болсаң да осы қалпыңда жақсы көремін», деп өз сөзін аяқтады.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында сайланған ата-аналар комитетінің құрамы өзгеріссіз қалсын.
2. Балабақша шаруа меңгерушісі – Д.Ж.Кужалиева, «Бала тәрбиелеудегі өрт ережесін білу» тақырыбында оқыған нұсқауы ата-аналар тарапынан назарға лынсын.
3. «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.

Балабақша меңгерушісі: Х.Б.Сапар

Хатшы:

З.А.Жолтаева